

## Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13420 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)

тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндеттін атқарушының 2015 жылғы 9 шілдедегі № 447 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 11 тамызда № 11861 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым

Министрі

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 28 қантардағы  
№ 95 бұйрығымен  
бекітілген

**Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын үйымдастыру және жүргізу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 18.01.2017 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсарын (бұдан әрі – Курстар) ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) біліктілік – тиісті кәсіби қызмет шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажет кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

2) курсан кейінгі мониторинг – бұл педагогика практикасының нақты жай-күйін білім беру ұйымдарында оқыту процесінің күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында арнайы ұйымдастырылған, ғылыми негізделген, үздіксіз, мақсатты түрде білім беру процесінің және сертификатталған педагогтердің курсан кейінгі қызметінің сапасын диагностикалау, болжамды қадағалау, бағалау және басқару жүйесі;

3) қорытынды бағалау – нәтижесінде сертификаттау туралы шешім қабылданатын, үміткердің біліктілікті беру схемасының талаптарына сәйкестігін белгілеуге көмектесетін процесс;

4) педагог кадрлар – біліктілікті арттыру бағдарламалары шеңберінде оқудан өтуші педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар;

5) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – сабак беру мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңадан және бұрын алынған кәсіби білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыретін дамытуға, кенейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны;

6) педагог кадрларды курсан кейінгі қолдау – педагог кадрлардың білім беру қызметіне әдістемелік, консультациялық қолдау көрсету бойынша іс-шаралар кешені,

педагог кадрлардың кәсіби тапшылықтарын еңсеруге және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған, курстан кейінгі кезенде олардың педагогикалық қызметін қадағалау;

7) сертификат – маман біліктілігінің біліктілік талаптарына, сондай-ақ нақты салаға арналған стандартқа сәйкестігін және кәсіби қызмет деңгейін раставтын құжат;

8) сертификаттау – маманның біліктілікке сәйкестігін раставу және оған біліктілікті беру рәсімі. Сертификаттау тұлғаның біліктілік және құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілейді;

9) сертификатталған педагог кадрларды курстан кейінгі қолдау – білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың табысты оқуына ықпал ететін сертификатталған педагог кадрлардың мектептегі практикасының оңтайлы кәсіби дамуы және өзгеруі үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз ететін ресурстар, нысандар мен әдістер жүйесі;

10) сертификатталған тренер – тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша сертификатталатын окудан өткен маман немесе педагогикалық қызметкер.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 12.06.2018 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Курстар білім беру деңгейлері бойынша құрылымдалады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;

2) бастауыш білім беру;

3) негізгі орта білім беру;

- 4) орта білім беру (жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру);
- 5) орта білімнен кейінгі білім беру;
- 6) жоғары білім беру;
- 7) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

## **2-тарау. Курстарды ұйымдастыру тәртібі**

### **4. Курстар:**

- 1) еңбек қызметінен қол үзбей (соның ішінде қашықтан оқу нысаны бойынша);
- 2) еңбек қызметінен қол үзу немесе жартылай қол үзу арқылы;
- 3) жеке білім беру бағдарламалары бойынша;
- 4) шетелде 1 жылға дейін мерзімге еңбек қызметінен қол үзу арқылы ұйымдастырылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

5. Курстарды педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын мынадай білім беру ұйымдары (бұдан әрі – Ұйым) өткізеді: "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы, "Өрлеу" ұлттық біліктілікті арттыру орталығы" акционерлік қоғамы, "Бебек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы", меншік нысанына қарамастан жоғары оқу орындары, білім беру орталықтары, біліктілікті арттыру институттары мен заңды тұлғалар, сондай-ақ облыстардың, Астана мен Алматы

қалаларының әдістемелік кабинеттері және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттері.

Шетелдегі курсарды "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Орталық) ұйымдастырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

6. Курстарға тыңдаушыларды іріктеу білім беру үйымының педагогикалық кеңесімен өткізіледі.

7. Курстарда оқуға үміткер педагог кадрларға мынадай талаптар белгіленеді:

1) жоғары білім және білім беру үйымында кемінде 1 жыл педагогикалық жұмыс өтілінің болуы немесе техникалық және кәсіптік білім, білім беру үйымында кемінде 2 жыл еңбек өтілінің болуы немесе мамандық бейіні бойынша кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы;

2) білім беру жүйесі қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамаларын білу;

3) ағылшын тілінің базалық білімін игеруі (тілдік құзыреттілік бойынша курсар үшін).

8. "Педагикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы", "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы", "Тиімді оқыту", "Мектептің біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар", "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар", "Сабактағы жалпыадамзаттық құндылықтар", тілдік құзыреттілік, білім беру үйымдарының басшылары білім беру бағдарламалары бойынша Курстарда оқуға үміткер педагогика кадрларына қойылатын талаптар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

9. Курстарда оқуға үміткер педагогикалық қызметкер педагогикалық кеңестің қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 2 немесе 2-1-қосымшаларына сәйкес нысанда жазылған өтініш;
- 2) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсары тыңдаушысының сауалнамасы;
- 3) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) жұмыс орнынан лауазымы мен жұмыс өтілі көрсетілген анықтама;
- 5) сертификаттар көшірмелері (бар болса);
- 6) шетелде біліктілікті арттыру курсарынан өту үшін мемлекеттік немесе орыс тіліндегі уәждемелік хат.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

10. Жыл сайын білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі:

- 1) 20 қыркүйекке дейін Курстарда оқуға үміткер педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын қарайды;
- 2) 1 қазанға дейін:

аудандық (қалалық) білім бөліміне (бұдан әрі – Білім бөлімі) педагогика кадрларының Курстарға жіберілгені туралы еркін нысандағы өтінімді;

облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларына (бұдан әрі – Білім басқармасы) педагогика кадрларының курстарға жіберілгені туралы еркін нысандағы өтінімді келісуге ұсынады

11. Білім бөлімі жыл сайын 30 қарашаға дейін ұсынылған өтінімдерді қарайды және келісілген тындаушылардың тізімдерін Білім басқармасына бекітуге жолдайды.

12. Білім басқармасы жыл сайын 20 желтоқсанға дейін:

1) қысқа мерзімді Курстардың тындаушыларының тізімін Ұйымға;

2) ұзақ мерзімді Курстардың тындаушыларының тізімін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік);

3) шетелдегі Курстардың тындаушыларының тізімін Министрлікке жолдайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

13. Жыл сайын 25 желтоқсанға дейін Курстарға оқуға үміткер педагогика кадрларының тізімдерін:

1) қысқа мерзімді Курстарға Ұйымдар;

2) ұзақ мерзімді Курстарға Министрлік жасайды.

Министрлік жыл сайын 25 желтоқсанға дейін шетелдегі Курстарда оқуға үміттенуші педагог кадрлардың тізімін Орталыққа жолдайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

14. Курсқа тапсырыс беруші мен Ұйым арасында біліктілікті арттыру бойынша қызмет көрсету туралы жасалған шарт негізінде Курстарды өткізу Кестесі (бұдан әрі – Кесте) жасалады және Министрлікпен келісіледі.

14-1. Шетелдегі Курстарды педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік білім беру ұйымдары, халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтары (бұдан әрі – Шетелдік ұйым) өткізеді.

**Ескерту. 2-тaraу 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14-2. Орталық пен Шетелдік ұйым арасында жасалған біліктілікті арттыру бойынша қызметтерді көрсету шартының негізінде Орталық Министрлікпен келісілетін Шетелдегі Курстарды өткізу кестесін әзірлейді.

**Ескерту. 2-тaraу 14-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Ұйым біліктілікті арттыру курсарын өткізуді Кестеге сәйкес келесі құнтізбелік жылдың басынан бастайды.

16. Тындаушыларды Курстарына қабылдау тындаушылар тізімінің негізінде Ұйым басшысының бұйрығымен ресімделеді

17. Білім басқармалары жыл сайын (жылына 2 рет – қаңтар, маусым) Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілік арттыру курсары тындаушылары туралы Бірыңғай деректер базасына (бұдан әрі – Бірыңғай деректер базасы) "Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) сәйкес "Ұлттық білім беру деректер базасы" ақпараттық жүйесінің әкімшілік есептілік нысандары бойынша мәліметтер жолдайды. Бірыңғай деректер базасы "Өрлеу" БАҰО" ресми интернет-порталында қолданыста болады.

### **3-тарау. Курстарды өткізу тәртібі**

18. Осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес білім беру деңгейлері бойынша курс өткізу тақырыбы, нысаны, мазмұны және кәсіби оқыту ұзақтығына қарай өзіндік ерекшеліктер мен өзгешеліктері болады

19. Курстарды Ұйымдардың келесі категориялары бар:

1) курстық даярлық бейіні бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар оқытушылар;

2) қазақстандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен дайындалған сертификатталған тренерлер;

3) курстық даярлық бейіні бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар өндірістік кәсіпорындардың мамандары мен қызметкерлері;

4) педагогикалық және бейінді мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының профессорлар-оқытушылар құрамы өткізеді.

20. Курстарды өткізу кезеңінде Ұйымдармен жекелеген дәрістерді оқу мен практикалық сабактарды жүргізуде әдіскерлер, педагогтер, білім беру ұйымдарының басшылары, практиктер, өндірістік кәсіпорындардың мамандары, өнірлік кәсіпкерлер палатасы мен жұмыс берушілер қауымдастыры қызметкерлері тартылуы мүмкін.

21. Курстардың ұзақтығы:

1) қысқа мерзімді Курстар – кемінде 36 академиялық сағат;

2) ұзақ мерзімді Курстар – кемінде 108 академиялық сағат.

Шетелдегі Курстардың ұзақтығы:

1) қысқа мерзімді Курстар – 3 (үш) айға дейін;

2) ұзақ мерзімді Курстар – 1 (бір) жылға дейін.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды.

23. Білім беру бағдарламалары бойынша курстардың ұзақтығы:

1) "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" - 344 академиялық сағаттан кем емес, "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" - 320 академиялық сағаттан кем емес, "Тиімді оқыту" - кемінде 296 академиялық сағат.

2) "Мектептің біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" - кемінде 350 академиялық сағат, "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" мен "Сабактағы жалпыадамзаттық құндылықтар" - кемінде 340 академиялық сағат;

3) Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында "Ағылшын тілі мұғалімдерінің тілдік және кәсіби құзыреттілігін арттыру" - кемінде 320 академиялық сағат, тілдік құзыреттілік бойынша – кемінде 320 академиялық сағат;

4) орта білім беру ұйымдары басшыларының біліктіліктерін арттыру бағдарламасы бойынша курстардың ұзақтығы – кемінде 640 академиялық сағат;

5) Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары оқытушыларының біліктіліктерін арттыру бағдарламалары бойынша курсардың ұзақтығы – кемінде 240 академиялық сағат.

24. Ұзақ мерзімді Курстар аяқталған соң Ұйым тыңдаушылар білімінің қорытынды бағасын Ұйым бекіткен үлгіде бойынша өткізеді.

25. Курстардан өткен тыңдаушыларға Ұйым біліктілікті арттыру курсының тақырыбына сәйкес сертификат береді.

**Ескерту.** 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.06.2018 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Келесі білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ мерзімді курсарды сәтті аяқтаған тыңдаушыларға Ұйым сертификат береді:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы";

2) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы";

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Тиімді оқыту";

4) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Мектептің біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар";

5) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар";

6) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес "Сабактағы жалпыадамзаттық құндылықтар";

7) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарының басшыларына.

**Ескерту.** 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.06.2018 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. 26-тармақта көрсетілген сертификат ала алмаған ұзақ мерзімді Курс тындаушыларына:

- 1) өз қаражаты есебінен бір жылда бір реттен артық емес білімін қайта бағалауға;
- 2) Курстың келесі легінің тындаушыларымен бірге білімін қайта бағалауға;
- 3) дәлелді себептерге байланысты ағымдағы жылдың ішінде бір лектен екінші лекке ауысуға;
- 4) дәлелді себептерге байланысты аяқталмай қалған курсы растау құжаттарын ұсына отырып, аяқтап шығуға;
- 5) өз қаражаты есебінен дәлелді себептерге байланысты аяқталмай қалған курсы растау құжаттарын ұсына отырып, аяқтап шығуға (жоғары оқу орындарының педагогика мамандықтарының оқытушылары үшін) мүмкіндік беріледі.

28. 26-тармақта көрсетілген, 2016 жылдың 1 қаңтарынан ұзақ мерзімді Курстардың тындаушыларының сертификатын алған педагогтерге келесі біліктілік деңгейінің мерзімінен бұрын берілуіне мүмкіндік беріледі.

29. Оқудан шығарылған тындаушылар Үйим басшысының бұйрығына және Үйим құрған ұзақ мерзімді курс тындаушыларының өтініштері мен шағымдарын қарау жөніндегі комиссияның шешіміне сәйкес Үйимның шығындарын өтейді.

30. Сертификатқа Ұйым басшысының, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушының қолы қойылады және берілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы жарамды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Ұйымдар:

- 1) Сертификатталған педагог кадрларды курстан кейінгі қолдауды;
- 2) Педагог кадрларды курстан кейінгі қолдауды;
- 3) Курстан кейінгі қолдауды немесе курстан кейінгі сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін әдістемелік ресурстар мен инструментарийлерді, курстан кейінгі мониторингті жүргізу тетіктерін және/немесе диагностикалық инструментарийлерін әзірлеу және бекітуді (Білім басқармаларымен келісім бойынша) жүзеге асырады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.06.2018 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Ұйымдар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Білім басқармаларымен Курсстан кейінгі мониторингті жүргізеді.

33. Министрлікпен Курсстан кейінгі мониторингті үйлестіріледі және Курстардың тиімділігі бағаланады.

34. Педагогикалық қызметкер Орталықпен біліктілікті арттыру курсарынан өту туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасады.

Ескерту. 3-тaraу 34-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Шарт Курстардан өтуді ұйымдастыру бойынша барлық шығыстарды төлеуге байланысты ақша аудару үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 3-тaraу 35-tarmaqpen tolyktarylды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Курстар педагог қызметкердің біліктілігіне сәйкес тілдік дайындықты қамтиды.

Ескерту. 3-тaraу 36-tarmaqpen tolyktarylды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Шетелдік ұйым Курстар аяқталған соң біліктілікті арттыру курсары тақырыбы бойынша сертификат (өз үлгісінде) береді.

Ескерту. 3-тaraу 37-tarmaqpen tolyktarylды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Педагогикалық қызметкер Шетелдік ұйымнан шығарылуына алып келген теріс нәтижемен Курстан өткен жағдайда педагогикалық қызметкер Орталықтың Курстардан шетелде өтуді ұйымдастыруға байланысты нақты жұмсаған шығындарын өтеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тaraу 38-tarmaqpen tolyktarylды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курсарын  
ұйымдастыру мен откізу  
қағидаларына  
1 қосымша

## **Білім беру бағдарламалары бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсарында оқуға үміткерге қойылатын талаптар**

№	"Мұғалімнің педагогикалық қоғамдастықтағы көшбасшылығы"
	Жоғары педагогикалық білім, кемінде жеті жыл педагогикалық өтіл және жоғары техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім, кемінде тоғыз жыл педагогикалық өтіл; аудандық (қалалық) республикалық (халықаралық) деңгейдегі шығармашылық және ғылыми

конкурстардың, спорт жарыстарының, пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерін даярлайтын аудандық (қалалық) республикалық (халықаралық) деңгейдегі кесіби конкурстарға қатысу; оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдістемелер мен педагогикалық технологияларды пайдалану; педагогикалық басылымдарда әдістемелік құралдарды және оку бағдарламалары мен жарияланымдарды әзірлеуге немесе әзірлеуге қатысу; аудандық (қалалық) конференцияларға, семинарларға, форумдарға даярлық және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесін тарату (жарияланым, жинактар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); ИКТ, MS Office саласындағы білімдерді менгеру, зерек пайдаланушы деңгейінде электронды поштада, сервистerde, интернетте жұмыс істей білу; жас педагогтар үшін тәлімгер ретінде аудандық, облыстық, (қалалық), халықаралық деңгейдегі оқу-үйрену семинарларын, тренингтерді, жұмыстарды өткізу. ИКТ саласындағы функционалды сауаттылықтың жеткілікті деңгейінің болуы, кесіптік, әлеуметтік және жеке міндеттерді шешу үшін білім қызметінде ИКТ қолданылуын негіздеу.

#### "Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы"

жоғары педагогикалық білім, кемінде бес жыл педагогикалық өтіл немесе жоғары техникалық және кесіптік (орта кесіптік) білім, кемінде жеті жыл педагогикалық өтіл; аудандық (қалалық), облыстық деңгейдегі кесіби конкурстарға қатысу нәтижелері; оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдістемелер мен педагогикалық технологияларды пайдалану; педагогикалық басылымдарда әдістемелік құралдарды және оку бағдарламалары мен жарияланымдарды әзірлеуге немесе әзірлеуге қатысу; аудандық (қалалық) конференцияларға, семинарларға, форумдарға даярлық және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесін тарату (жарияланым, жинактар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); аудандық (қалалық) республикалық (халықаралық) деңгейдегі шығармашылық және ғылыми конкурстардың, спорт жарыстарының, пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің нәтижелері (оған қатысушылар катарынан); ИКТ саласындағы білімдерді менгеру: MS Windows, MS Office, электронды пошта, Internet.

#### "Тиімді оқыту"

жоғары педагогикалық білім, кемінде үш жыл педагогикалық өтіл және жоғары техникалық және кеіспітік (орта кесіптік) білім, кемінде бес жыл педагогикалық өтіл; аудандық (қалалық), облыстық деңгейдегі кесіби конкурстарға қатысу нәтижелері; аудандық (қалалық) республикалық (халықаралық) деңгейдегі шығармашылық және ғылыми конкурстардың, спорт жарыстарының, пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің нәтижелері (оған қатысушылар катарынан); оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдістемелер мен педагогикалық технологияларды пайдалану; аудандық (қалалық) конференцияларға, семинарларға, форумдарға даярлық және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесін тарату (жарияланым, жинактар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); ИКТ, MS Office саласындағы білімдерді менгеру, зерек пайдаланушы деңгейінде электронды поштада, сервистerde, интернетте жұмыс істей білу; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында (бұдан әрі -АҚТ) базалық білімдерді менгеру: MS Windows, MS Office, электронды пошта, Internet. 1,2,3, тармақтарға ескертпе: қойылатын талаптарға сәйкес құжаттармен расталады (ұсынымдық хаттар, сараптамалық қорытындылар, алқалы органдардың шешімі, өткізілген ашық сабактардың талдау және бағалау материалдары мен нәтижелері, тәжірибелі қорыту бойынша материалдар, оқушының жетістіктері мен ілгерілеуін бағалау материалдары, әдістемелік бірлестіктер, сондай-ақ ғылыми, пәндік, ойын-сауық үйрмелерінің басшылығы растайтын сауалнамалар мен бақылау материалдары).

#### "Мектептің жалпы педагогикалық процесіндегі жалпыадамдық құндылықтар"

Жоғары педагогикалық білім, кемінде жеті жыл педагогикалық өтіл және жоғары техникалық және кеіспітік (орта кесіптік) білім, кемінде тоғыз жыл педагогикалық өтіл; Ізгіліктік-рухани тақырыптағы аудандық (қалалық) конференцияларға, семинарларға, форумдарға қатысу (жарияланым, жинактар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); оқу орындары үшін ҚР мен шетелде педагогикалық басылымдарда рухани-изгіліктік бағыттағы

4 жарияланымдарды және әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу/әзірлеуге катысу; жас педагогтар үшін тәлімгер ретінде аудандық, облыстық, (қалалық), халықаралық деңгейдегі (рухани-ізгіліктік тақырып бойынша) өзін өзі тану оқу-үйрену семинарларын, тренингтерді, жұмыстарды өткізу.
"Өзін-өзі тану РІБ бағдарламасындағы кемінде жеті жыл өтіл; "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" "Бебек" ҰФПББжСО курстарын өткізу туралы сертификаттың болуы бірінші біліктік санатының болуы; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында (бұдан әрі -АҚТ) базалық білімдерді менгеру: MS Windows, MS Office, электронды пошта, Internet.

#### "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар"

Жоғары педагогикалық білім, кемінде бес жыл педагогикалық өтіл және жоғары техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім, кемінде жеті жыл педагогикалық өтіл; Рухани-ізгіліктік аудандық (қалалық) конференцияларға, семинарларға, форумдарға даярлық және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесін тарату (жарияланым, жинақтар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); 5 "Өзін-өзі тану РІБ бағдарламасындағы кемінде бес жыл өтіл; "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" курстарын өткізу туралы сертификаттың болуы екінші біліктік санатының болуы; акпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында (бұдан әрі - АҚТ) базалық білімдерді менгеру : MS Windows, MS Office, электронды пошта, Internet.
---

#### "Сабактағы жалпыадамзаттық құндылықтар"

Жоғары педагогикалық білім, кемінде бір жыл педагогикалық өтіл және жоғары техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім, кемінде үш жыл педагогикалық өтіл; Рухани-ізгіліктік мектеп ішлік конференцияларға, семинарларға, форумдарға даярлық және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесін тарату (жарияланым, жинақтар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); 6 "Өзін-өзі тану РІБ бағдарламасындағы кемінде бір жыл өтіл; "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар" курстарын өткізу туралы сертификаттың болуы екінші біліктік санатының болуы; акпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында (бұдан әрі -АҚТ) базалық білімдерді менгеру: MS Windows, MS Office, электронды пошта, Internet. Ескертпе: 2013 жылдың 1 сәуірінен ерте емес берілген 72-сағаттық "Бебек" ҰФПББжСО курстарынан өткендігі туралы сертификаттың болуы 2020 жылға дейін жеткілікті.
---

#### тілдік құзырет бойынша

Жоғары педагогикалық білім, кемінде үш жыл педагогикалық өтіл немесе жоғары техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім, кемінде бес жыл педагогикалық өтіл; базалық ағылшын тілін менгеру; аудандық (қалалық) конференцияларға, семинарларға, форумдарға даярлық және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесін тарату (жарияланым, жинақтар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); ИКТ саласындағы білімдерді менгеру: MS Windows, MS Office, электронды пошта, Internet.
---

#### жалпы білім беретін ұйымдар басшылары

жоғары педагогикалық білім, кемінде жеті жыл педагогикалық өтіл немесе жоғары техникалық және кәсіптік білім (орта кәсіптік) білім кемінде тоғыз жыл педагогикалық өтіл; заманауи білім технологияларын білу; халықаралық білім жобаларына қатысу, мектеп жұмысын практикаға енгізу тәжірибесі; үміткер басқаратын оқу орнының табысты екендігін раставу; республикалық (халықаралық) конференцияларға, семинарларға, форумдарға даярлық және өткізу кезінде жұмыс тәжірибесін тарату (жарияланым, жинақтар, ұсынымдар, құралдар, көрме материалдары); 8 ИКТ саласындағы білімдерді менгеру: MS Windows, MS Office, электронды пошта, Internet. ИКТ
---

саласындағы функционалды сауаттылықтың жеткілікті деңгейінің болуы, кәсіптік, әлеуметтік және жеке міндеттерді шешу үшін білім қызметінде ИКТ қолданылуын негіздеу. Ескертпе: койылатын талаптарға сәйкес құжаттармен расталады (ұсынымдық хаттар, сараптамалық қорытындылар, алқалы органдардың шешімі, өткізілген ашық сабактардың талдау және бағалау материалдары мен нәтижелері, тәжірибелі қорыту бойынша материалдар, окушының жетістіктері мен ілгерілеуін бағалау материалдары, әдістемелік бірлестіктер, сондай-ақ ғылыми, пәндік, ойын-сауық үйірмелерінің басшылығы растайтын сауланамалар мен бақылау материалдары).

Педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курстарын  
ұйымдастыру мен өткізу  
қағидаларына  
2 қосымша  
Нысан  
Басшыға

---

(Ұйымның атауы)

(тегі, аты және әкесінің аты (ол  
болған жағдайда) (бұдан әрі -  
Т.А.Ә.)

---

тегі

---

аты

Әкесінің аты (ол болған жағдайда)

---

лауазымы

## Отініш

Мен, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.)

рассмотреть мою кандидатуру для обучения на курсах повышения квалификации

педагогических кадров Республики Казахстан по образовательной программе

тілінде оқытатын

топта білім беру бағдарламалары  
бойынша

Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру  
курстарында оқу

үшін менің кандидатурамды қарастырыңызды сұраймын.

---

(өтініш иесінің қолы)

"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_ жыл

(өтініш берілген күн)

Педагогика кадрларының  
біліктілігін арттыру курстарын  
ұйымдастыру және жүргізу  
қағидаларына  
2-1-косьымша  
Нысан

---

басшысы

(ұйым атауы)

---

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған

жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә.)

---

(Т.А.Ә.)

---

(лауазым)

## Өтініш

Ескерту. Қағида 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.09.2017 № 498 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мен, \_\_\_\_\_

---

(Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы педагог кадрларын шетелде біліктілігін арттыру бойынша

тобында

---

(оқу елі)

\_\_\_\_\_ оқу тілінде \_\_\_\_\_ айлық/жылдық (3 айға немесе 1 жылға дейін)

курстарда оқу үшін менің кандидатурамды қарастырунызды сұраймын.

201 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

(өтініш беруші қолы)

(өтініш беру күні)

Педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курсарын  
ұйымдастыру мен өткізу  
қағидаларына  
3 қосымша  
Нысан

## Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру курсары тыңдаушысының Саул намасы

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)			
Туған күні			
Лауазымы			
Білімі			
Біліктілік санаты (дейін жарамды)			
Жұмыс орны(өнірі көрсетілген ұйымның толық атауы)			
Жалпы өтіл			
Педагогикалық өтіл			
Оку тілі			
Ақпараттық технологияларды менгеруі			
жарияланымдар (тақырыбы)			
Үйінің мекенжайы			
Байланыс телефондары			
Электроннды пошта			
Косымша акпарат			
Алдыңғы біліктілікті арттыру курсары			
№	Курстың түрі мен тақырыбы	Өткен жері	Курстың ұзактығы

Педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курсарын

ұйымдастыру мен өткізу

қағидаларына

4 қосымша

нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ М И Н И С Т Е Р С Т В О  
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
МИНИСТРЛІГІ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ ПОВЫШЕНИЯ  
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ К В А Л И Ф И К А Ц И И  
БІЛІМ Б Е Р У ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## Сертификат

Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы педагог окончил (а) курсы обучения учителей  
кадрларының біліктілігін арттырудың по образовательной программе повышения  
"Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім квалификации педагогических кадров  
көшбасшылығы"  
білім беру бағдарламасы бойынша "Лидерство  
мұғалімдерді оқыту курстарын бітірді  
Республики Казахстан  
учителя  
в педагогическом сообществе"

Ұйымның атапу \_\_\_\_\_

организации

Наименование  
Ұйымның жетекшісі \_\_\_\_\_

организации

Руководитель

П.К.М.К.

№

0 0 0 0 0 0

Берілген күні: 20 жылғы " " Дата выдачи: " " 20 года

Педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курстарын  
ұйымдастыру мен өткізу  
қағидаларына  
5 қосымша  
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ М И Н И С Т Е Р С Т В О  
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
МИНИСТРЛІГІ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ ПОВЫШЕНИЯ  
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ К В А Л И Ф И К А Ц И И  
БІЛІМ Б Е Р У ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## **Сертификат**

Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы педагог окончил (а) курсы обучения учителей  
кадрларының біліктілігін арттырудың по образовательной программе повышения  
"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" квалификации педагогических кадров  
білім беру бағдарламасы бойынша Республики Казахстан  
мұғалімдерді оқыту курстарын бітірді "Лидерство учителя в школе"

Үйымның атауы \_\_\_\_\_

Наименование \_\_\_\_\_

Үйымның жетекшісі \_\_\_\_\_

Руководитель \_\_\_\_\_

М.М.К.

№

Берілген күні: 20\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_. Дата выдачи: "\_\_\_" \_\_\_ 20\_\_ года

организации

организации

000000

Педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курстарын  
ұйымдастыру мен өткізу  
қағидаларына  
6 қосымша  
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТЕРСТВО  
БІЛІМ ЖӘНЕ ГЫЛЫМ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
МИНИСТРЛІГІ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ ПОВЫШЕНИЯ  
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КВАЛИФИКАЦИИ  
БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

## **Сертификат**

Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы педагог  
кадрларының біліктілігін арттырудың окончил (а) курсы обучения учителей  
"Тиімді беру" оқыту бағдарламасы по образовательной программе повышения

бойынша мұғалімдерді оқыту курстарын квалификации педагогических кадров  
бітірді Республики Казахстан  
"Эффективное обучение"

Үйимның атауы \_\_\_\_\_ о р г а н и з а ц и и  
Н а и м е н о в а н и е \_\_\_\_\_  
Үйимның жетекшісі \_\_\_\_\_  
Р у к о в о д и т е л ь \_\_\_\_\_ о р г а н и з а ц и и  
Т О № 0 0 0 0 0 0  
Берілген күні: 20\_жылғы "\_\_\_" Дата выдачи: "\_\_\_" 20\_ года

Педагогикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курстарын  
ұйымдастыру мен өткізу  
қағидаларына  
7 косымша  
Форма

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

"БӨБЕК" ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ  
САУЫҚТАРУ

### ОРТАЛЫҒЫ

### МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

### РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ, ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ

### И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР "БӨБЕК"

### Сертификат

Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша педагог мамандардың біліктілігін арттыру курсын бітірді окончил(а) курсы повышения квалификации учителей по программе нравственно-духовного образования "Самопознание"

Тақырыбы: Мектептің біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар

"Бебек" үлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы "Б ө б е к "

Үйымның атауы

Бас директор

Үйымның жетекшісі

Б е р і л г е н  
20\_\_ ж. "\_\_\_"

Тема: Общечеловеческие ценности в целостном педагогическом процессе школы

Национальный научно-практический, образовательный и оздоровительный центр

Наименование организации

Генеральный директор

Руководитель организации

№ 00000000

күні : Да та

"\_\_\_" 20\_ г

в ы д а ч и :

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын үйымдастыру мен өткізу қағидаларына 8 қосымша Нысан

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

"БӨБЕК" ҮЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ

ОРТАЛЫҒЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ, ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ

И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР "БОБЕК"

# Сертификат

Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім окончил(а) курсы повышения  
беру бағдарламасы бойынша педагог квалификации учителей по программе  
мамандардың біліктілігін арттыру курсын нравственно-духовного образования  
бітірді "Самопознание"

Тақырыбы: Сыныптың біртұтас Тема: Общечеловеческие ценности в  
педагогикалық процесіндегі целостном педагогическом процессе класса  
жалпыадамзаттық құндылықтар

"Бебек" үлттық ғылыми-практикалық, Национальный научно-практический,  
білім б е р у образовательный и оздоровительный центр  
және сауықтыру орталығы "Б об е к "

Ұйымның атауы Наименование организации

Бас директор Генеральный директор

Ұйымның жетекшісі Руководитель организации

№ 00000000

Б е р і л г е н күні : Д а т а в ы д а ч и :  
20 \_\_ ж. " \_\_ " 20 \_\_ г

Педагикалық кадрлардың  
біліктілігін арттыру курстарын  
ұйымдастыру мен еткізу  
қағидаларына  
9 косымша  
нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

"БӨБЕК" ҮЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ  
САУЫҚТЫРУ

ОРТАЛЫҒЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ, ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ  
И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР "БОБЕК"

Сертификат

Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_

"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім окончил(а) курсы повышения  
беру бағдарламасы бойынша педагог квалификации учителей по программе  
мамандардың біліктілігін арттыру курсын нравственно-духовного образования  
бітірді "Самопознание"

Такырыбы: Сабактағы жалпыадамзаттық құндылықтар Тема: Общечеловеческие ценности в  
целостном педагогическом процессе класса

"Бебек" ყұлттық ғылыми-практикалық,  
б і л і м б е р у Национальный научно-практический,  
және сауықтыру орталығы образовательный и оздоровительный центр  
"Өрлеу" біліктілікті арттыру "Б о б е к "  
ұлттық орталығы" АҚ Наименование организации  
Үйымның атаяу

Б а с д и р е к т о р Генеральный директор  
Басқарма төрағасы

Үйымның жетекшісі Руководитель организации  
№ 00000000

Б е р і л г е н күні: Дата видачі:  
“\_\_\_” 20 \_\_\_ ж. “\_\_\_” 20 \_\_\_ г

Приложение 10  
к Правилам организации  
и проведения курсов повышения  
квалификации педагогических  
кадров форма

ҚАЗАҚСТАН  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
Программа  
повышения  
квалификации

Қазақстан  
жалпы білім  
басшыларының  
арттыру бағдарламасы

Республикасы руководителей  
беру ұйымдары общеобразовате.  
біліктілігін  
организаций  
Республики  
Казахстан

Сертификат  
Т.А.Ә./Ф.И.О. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының жалпы білім окончил (а) курсы по образовательной  
беру ұйымдары басшыларының біліктілігін программе повышения квалификации  
арттырудың білім беру бағдарламасы руководителей общеобразовательных  
бойынша курсты бітірді организаций Республики Казахстан

Ұйымның атауы \_\_\_\_\_  
Н а и м е н о в а н и е \_\_\_\_\_  
Ұйымның жетекшісі \_\_\_\_\_  
Руководитель организации \_\_\_\_\_

D № 000000

Берілген күні: 20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Дата выдачи: " \_\_ " 20 \_\_ г.

© 2012. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ  
PMK